

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің төрағасы

«___» _____ 2020 жыл

_____ А. Жаилғанова

2020 жылы «Қазақстан Республикасының Үздік мемлекеттік қызметшісі» жыл сайынғы Республикалық конкурсын ұйымдастыру және өткізудің Әдістемелік ұсыныстары

I. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтің беделін арттыру, мемлекеттік басқарудың озық тәжірибесін, үздік кәсіби білімі мен дағдыларды таратуды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін айқындау және оларды ынталандыру жүйесін жетілдіру мақсатында жыл сайын «Қазақстан Республикасының Үздік мемлекеттік қызметшісі» Республикалық конкурсы (*бұдан әрі – Конкурс*) өткізіледі.

2. Байқау екі негізгі кезеңде дистанциялық форматта өткізіледі:

1) I кезең- конкурс өңірлік (облыстық) деңгейде Өңірлік конкурстық комиссиялар арқылы өткізіледі.

Өңірлік конкурстық комиссия (*бұдан әрі-Өңірлік комиссия*) 9 адамнан және хатшыдан құрылады және Агенттіктің өңірлік департаменттерінің жанынан мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, тәуелсіз сарапшылар мен Агенттікпен келісім бойынша өзге де тұлғалар қатарынан құрылады.

Өңірлік комиссияның қызметін ұйымдастырушылық сүйемелдеуді Агенттіктің тиісті өңірлік департаментінің қызметкерлері жүзеге асырады.

Орталық мемлекеттік органдардан қатысушыларды бағалау үшін конкурстың бірінші кезеңінде Агенттіктің конкурстық комиссиясы құрылады (*бұдан әрі-агенттік комиссиясы*) құрады, оның құрамын Агенттік бекітеді.

Агенттіктің орталық аппараты жанынан Агенттіктің комиссиясы 9 адамнан және хатшыдан тұрады, құрамында мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, тәуелсіз сарапшылар мен өзге де тұлғалар қатарынан құрылады.

Агенттік комиссиясының қызметін ұйымдастырушылық сүйемелдеуді Агенттіктің Нұр-сұлтан қаласы бойынша департаментінің қызметкерлері жүзеге асырады, жалпы үйлестіруді Агенттіктің орталық аппаратының қызметкерлері жүргізеді.

Бірінші кезеңнің жеңімпаздары конкурстың екінші кезеңіне қатысуға ұсынылады;

2) II кезең – Республикалық байқау комиссиясы өткізетін республикалық деңгейдегі конкурс.

Республикалық конкурстық комиссия Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі айқындайтын 9 адамнан және хатшыдан тұрады.

Республикалық комиссияның хатшысы ретінде дауыс беру құқығы жоқ және конкурсқа қатыспайтын агенттіктің қызметкері тағайындалады.

Республикалық комиссияның қызметін ұйымдастырушылық сүйемелдеуді Агенттіктің орталық аппаратының қызметкерлері жүзеге асырады.

Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша конкурс жеңімпаздары анықталады.

3. Конкурстың қорытындылары мен оның жеңімпаздарының саны Республикалық комиссияның шешімі бойынша айқындалады.

4. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау 23 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет күні мерекесіне орай ұйымдастырылады.

II. Конкурсқа қатысушылар

5. Конкурсқа қатысуға мемлекеттік қызметтегі өтілі бір жылдан кем емес, құжаттарды қарау кезінде алынбаған әкімшілік және тәртіптік жазалары жоқ мемлекеттік қызметшілер қатыса алады.

6. Конкурсқа қатысу үшін мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері (лауазымды тұлғалар) немесе мемлекеттік қызметшілердің өздері осы Әдістемелік ұсынымдардың 5-тармағында көрсетілген талаптарға сай үміткерлер ұсынылады.

7. Конкурсқа өңірлік немесе Республикалық конкурстық комиссияның мүшесі болып табылатын мемлекеттік қызметші қатысқан жағдайда оның тиісті комиссияның жұмысына қатысуы тоқтатылады.

8. Мемлекеттік қызметшілер конкурсқа қатысуға келесі жағдайда жіберілмейді:

1) осы Әдістемелік ұсынымдардың 5-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда;

2) осы Әдістемелік ұсынымдардың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды толық көлемде емес немесе құжаттарды қабылдаудың белгіленген мерзімі өткеннен кейін ұсынған кезде.

III. Конкурсты ұйымдастыру мен өткізу тәртібі

9. Агенттіктің Интернет-ресурсында оны өткізу туралы хабарландыруды орналастыруы конкурстың басталуы болып есептеледі

10. Үміткерлердің құжаттары жіберіледі:

облыстардың, астананың және Республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары мен министрліктердің аумақтық органдары - Агенттіктің тиісті өңірлік департаменттеріне;

орталық мемлекеттік органдар - Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Агенттіктің өңірлік департаментіне.

11. Агенттіктің аумақтық департаменттері конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау мен тексеруді жүзеге асырады.

12. Конкурсты өткізу мерзімі: 2020 жылы 22 мамыр - 22 маусым аралығында.

IV. Конкурсты өткізу кезеңдері

13. Құжаттарды қабылдау 2020 жылғы 29 мамырдың сағат 23:59-ға дейін Агенттіктің тиісті өңірлік департаментіне жауапты орындаушының электрондық поштасына келесідей материалдарды жіберу арқылы жүзеге асырылады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (қоса берілген А нысаны бойынша);
- 2) конкурсқа қатысушының сауалнамасы (қоса берілген Б нысаны бойынша);
- 3) конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) көлемі 500 сөзден аспайтын «Неге мен Үздік мемлекеттік қызметші атағына лайықпын» тақырыбындағы басылған мотивациялық эссе (Times New Roman-14, жоларалық интервал – дара) форматтағы А-4.

Қағаз тасығышта қолыменен жазылған эссе ұсынылған жағдайда, құжаттың Word форматында (.doc) көшірмесі тапсырылады.

Мотивациялық эсседе үміткердің кәсіби қызметтегі негізгі жеке жетістіктері, өз қызмет саласындағы проблемаларды шешуге, мемлекеттік органның өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру процесіне жеке үлесі, сондай-ақ іске асырылған жобалар тізбесі (болған жағдайда) баяндалады.

14. 2020 жылдың 30 мамырында сағат 10.00-де барлық қатысушыларға бір мезгілде электрондық поштаға/смс/WhatsApp арқылы кейстік тапсырма жіберіледі. Конкурсқа қатысушылар сол күні 23.59 сағаттан кешіктірмей 5 минуттан асырмайтын өзінің бейне жауабын жіберуі қажет.

15. Өңірлік комиссияның отырысы қашықтықтан өткізіледі.

Республикалық комиссияның қарауына облыстан, астанадан және Республикалық маңызы бар қалалардан рейтингте ең көп балл жинаған 3 үміткер жіберіледі.

16. Әрбір үміткер бойынша жеке шешім Өңірлік комиссия мен Агенттік комиссиясының мүшелерімен бағалау парақтарында эссе және кейстік тапсырманы орындау бойынша қоятын баллдарды қосу арқылы және Конкурсқа қатысушылардың рейтингін құру жолымен қабылданады.

Рейтингті қалыптастыру кезінде балдар саны тең болған жағдайда мемлекеттік қызметте неғұрлым ұзақ мерзімді атқаратын қатысушыға артықшылық беріледі.

17. Өңірлік комиссия мен Агенттіктің комиссиясының отырысы 1-5 маусым аралығында қашықтық форматта өткізіледі және егер Комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 қорытындысы болған жағдайда күзіретті болып саналады.

18. Агенттіктің комиссия мен Өңірлік комиссиясы отырысының қорытындылары хаттамамен ресімделеді, оған конкурсқа қатысушыларды қарастыруға қатысқан Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

19. Агенттіктің аумақтық департаменттері конкурс материалдарының көшірмесі электрондық форматта Агенттіктің орталық аппаратына жіберіледі.

20. 8-12 маусым аралығында финалистер «Мемлекеттік қызметті жетілдіру: пандемия нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметшінің қорытындылары» тақырыбына бейне презентация жолдайды. Бейне жазба ұзақтығы 5 минуттан аспауы қажет. Презентация мәтінін (Word) форматында қоса беру қажет.

21. Республикалық комиссияның отырысы қашықтық форматта 15-19 маусым аралығында өткізіледі.

V. Конкурс қорытындысын шығару

22. Конкурстың нәтижесі бойынша Республикалық комиссия конкурс жеңімпаздарын анықтайтын шешім қабылдайды.

23. Конкурстың қорытындылары Республикалық комиссия мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

24. Жеңімпаздар «Жылдың Үздік мемлекеттік қызметшісі» төс белгісімен, дипломмен және естелік сыйлықпен марапатталады.

25. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау уақыты мен орны туралы хабардар етуді Агенттік жүзеге асырады.

26. Жеңімпаздар туралы ақпарат жеңімпаздарды марапаттау күнінен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде Агенттіктің интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады, сондай-ақ жеңімпаздар туралы ақпарат (олардың өмірбаяны мен фотосуреті) көрсетілген естелік буклет (кітап) түрінде жариялауы мүмкін.

27. Конкурсты өткізуді ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуді Агенттікпен жүзеге асырады..

Нысан А

Қазақстан Республикасы
мемлекеттік қызмет істері
агенттігі

(ТАӨА мен лауазымы)

Өтініш

Мені «Қазақстан Республикасының үздік мемлекеттік қызметшісі»
республикалық конкурсына қатысуыма рұқсат беруіңізді сұраймын.
Конкурстың шарттарымен таныстым және келісемін.

(күні)

(қолы)

САУАЛНАМА

Тегі _____	Суретке арналған орын
Аты _____	
Әкесінің аты _____	
Туылған күні « _____ » _____ 19 _____ ж	
Жұмыс орны _____	
Лауазымы _____	
Телефон _____	
E-mail _____	

Білімі (оқу орны, бітірген жылы, мамандығы, біліктілігі)

Ғылыми дәрежесі, атағы
(бар болса)

Мемлекеттік қызмет өтілі

Байқау жұмысы тақырыбының
бағыты бойынша еңбек өтілі

Мемлекеттік және шет тілдерін білу:

- ☐ Мемлекеттік (қазақ)
- ☐ Ағылшын тілі
- ☐ Орыс тілі
- ☐ Басқа тілдер (көрсету керек)

Мемлекеттік, ведомстволық наградалар, құрметті атақтар, дипломдар туралы ақпараттар (атауын және алған жылын көрсету керек)

Конкурс жұмысы тақырыбының бағыты бойынша семинарларға, форумдарға, конференцияларға қатысу бойынша ақпараттар (атаңыз)

Конкурс жұмысы тақырыбының бағыты бойынша қосымша білім беру (біліктілігін арттыру, даярлау/қайта даярлау, тағылымдама) алғаны туралы ақпараттар (оқу орны, бітірген жылы, бағағыты, мамандануы)

Енгізілген ғылыми басылымдар, кітаптар, жадынамалар, мақалалар, мемлекеттік қызмет мәселелері және (немесе) конкурс бағыты бойынша тақырыбына байланысты жазылған жұмыстар жөнінде ақпараттар (атаңыз)

Тәртіптік жаза қолданылғаны туралы мәлімет

Толтыру күні

Қолы

« _____ » _____ 20 _____ г.

Осы сауалнамада толтырылған менің деректерімді Конкурс ұйымдастырушыларымен өңдеуге, пайдалануға (интернет-ресурсқа жариялауды қосқанда) және сақтауға келісемін.

Қолы